

"Байқоңыр" ғарыш айлағынан ғарыш аппараттарын ұшырудың және зымырандарды сынақтық ұшырудың 2006 жылға арналған жоспарлары бойынша қорытындыны бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 6 ақпандағы N 69 Қаулысы

1999 жылғы 18 қарашадағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы "Байқоңыр" ғарыш айлағынан ғарыш аппараттарын ұшырудың және зымырандарды сынақтық ұшырудың жоспарлары бойынша қорытындыны (келісуді) ұсыну және алу тәртібі туралы келісімге сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

1. Қоса беріліп отырған "Байқоңыр" ғарыш айлағынан ғарыш аппараттарын ұшырудың және зымырандарды сынақтық ұшырудың 2006 жылға арналған жоспарлары бойынша қорытынды (бұдан әрі - қорытынды) бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі Ресей Тарабына дипломатиялық арналар арқылы қорытындыны жіберсін.

3. "Байқоңыр" ғарыш айлағынан ғарыш аппараттарын ұшырудың және зымырандарды сынақтық ұшырудың 2006 жылға арналған жоспарлары бойынша қорытындыны бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 21 желтоқсандағы N 1268 қбұ қаулысының күші жойылды деп танылсын.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 0 6

ж ы л ғ ы

6

а қ п а н д а ғ ы

N

6 9

қ а у л ы с ы м е н

бекітілген

"Байқоңыр" ғарыш айлағынан ғарыш аппараттарын ұшырудың және зымырандарды сынақтық ұшырудың 2006 жылға арналған жоспарлары бойынша қорытынды

Қазақстан Республикасының Үкіметі "Байқоңыр" ғарыш айлағынан ғарыш аппараттарын ұшырудың және зымырандарды сынақтық ұшырудың 2006 жылға арналған жоспарларының жобаларын, 2006 жылы "Байқоңыр" кешенінің жалға алынған мүлкіне ажырамас жақсартулар енгізу жоспарын және Ресей Федерациясы

Сыртқы істер министрлігінің 2005 жылғы 25 қарашадағы N 11120 н/Зденг хатымен енгізілген 2005 жылғы "Байқоңыр" кешенінің жалға алынған мүлкіне ажырамас жақсартулар енгізу туралы есепті қарап, 1999 жылғы 18 қарашадағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы "Байқоңыр" ғарыш айлағынан ғарыш аппараттарын ұшырудың және зымырандарды сынақтық ұшырудың жоспарлары бойынша қорытындыны (келісуді) ұсыну және алу тәртібі туралы келісімді басшылыққа ала отырып, өзінің шешімі туралы хабарлайды.

1. 1999 жылғы 18 қарашадағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы "Байқоңыр" ғарыш айлағынан ғарыш аппараттарын ұшырудың және зымырандарды сынақтық ұшырудың жоспарлары бойынша қорытындыны (келісуді) ұсыну және алу тәртібі туралы келісімге сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі Ресей Тарабы ұсынған "Байқоңыр" ғарыш айлағынан ғарыш аппараттарын ұшырудың 2006 жылға арналған жоспарларын, сондай-ақ ғарыш аппараттарын қосымша ұшыруды 2005 жылдың 4-тоқсанынан ауыстырған жағдайда оларға қатысты жоғарыда көрсетілген жоспарларда көзделген ескертпелерді қоспағанда, "Байқоңыр" ғарыш айлағынан зымырандарды сынақтық ұшырудың 2006 жылға арналған жоспарын келіседі.

Бұдан басқа Қазақстан Республикасының Үкіметі "KAZSAT" байланыс және хабар таратудың қазақстандық спутнигін ДМЗ айдау блогы бар "Протон-К" зымыран тасығышымен 2006 жылдың II тоқсанынан кешіктірмей ұшыруды келіседі.

Ескерту. 1-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2006.06.27. N 582 қ а у л ы с ы м е н .

2. Қазақстан Республикасының Үкіметі Ресей тарабы ұсынған 2006 жылы "Байқоңыр" кешенінің жалға алынған мүлкіне ажырамас жақсартулар енгізу жоспарын жоспарда көрсетілген жұмыстарды жүргізу сияқты келіспейді.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің осы шешімі Ресей тарабының 1999 жылғы 18 қарашадағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы "Байқоңыр" ғарыш айлағынан ғарыш аппараттарын ұшырудың және зымырандарды сынақтық ұшырудың жоспарлары бойынша қорытындыны (келісуді) ұсыну және алу тәртібі туралы келісімнің 2-бабында, сондай-ақ 1997 жылғы 4 қазандағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы "Байқоңыр" кешенін Ресей Федерациясының жалға алуы жағдайында оның аумағында экология және табиғатты пайдалану жөніндегі келісімнің 3-бабында көзделген мемлекеттік экологиялық сараптама жүргізу және ажырамас жақсартуларды енгізуді келісу үшін 2006 жылы "Байқоңыр" кешенінің жаңа объектілерін салу және жұмыс істеп тұрғандарын қайта жаңарту жобаларын ұсынбауына байланысты.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК